

**Баспасөз хабарламасы**

*Астана қ., 17 ақпан 2026 жыл*

**«ҚазТрансОйл» АҚ мұнай сапасын онлайн-бақылаудың озық технологиясын енгізуде**

«ҚазТрансОйл» АҚ цифрландыру және технологиялық қауіпсіздік бағытында тағы бір қадам жасап отыр: компания көрші елдердің құбыр компаниялары арасындағы алғашқы компаниялардың бірі болып, нақты уақыт режимінде оның сапасын үздіксіз бақылау үшін мұнайға хлорид тұздарының ағындық анализаторын енгізу жөніндегі жобаны іске асыруға кірісуде (мұндай технология ҚХР да қолданылып жүр).

Хлорлы тұздар – мұнай сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі. Олардың көптігі жабдықтар мен құбырлардың коррозиясын тездетеді, шөгінділердің пайда болуына әкеледі және мұнай өңдеу зауыттарында өңдеудің технологиялық режимдерін бұзуы мүмкін. Жаңа тәсіл зертханалық нәтижелерді күтпестен ауытқуларды бірден анықтауға мүмкіндік береді.

Тұздардың шоғырлануын онлайн-бақылаудың автоматтандырылған жүйесін енгізу – мұнай құбыры жүйесін пайдалану сенімділігін арттырып қана қоймай, мұнайдың нормативтік құжаттардың талаптарына тұрақты сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, адам факторының әсерін айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік жасайды.

Жоба аясында бірқатар шет елдердегі мұнай өңдеу зауыттарында өзінің тиімділігін дәлелдеген ағындық анализатор пайдаланылатын болады. Жабдық тікелей мұнай ағынында көрсеткіштің үздіксіз мониторингін қамтамасыз етеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ Ғылыми-техникалық кеңесінің шешіміне сәйкес, хлорлы тұздардың ағындық анализаторын тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтан өткізу Атырау мұнай құбыры басқармасына қарасты Т.Қасымов атындағы мұнай айдау станциясында жүзеге асырылады. Сынақ жұмыстарын 2026 жылғы 1 тамыздан бастау жоспарланып отыр.

Алдағы уақытта аталған технологияны компанияның басқа да нысандарына енгізу мүмкіндігі қарастырылуда.

---

«ҚазТрансОйл» АҚ - магистральдық мұнай құбырлары бойынша ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның еншілес ұйымы болып табылады. Ұзындығы 5,2 мың шақырым магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісін иеленеді және ұзындығы 5 мың шақырымнан астам басқа ұйымдардың құбырларына операторлық қызметтер көрсетеді.

**«ҚазТрансОйл» АҚ  
жұртшылықпен байланыс  
және ішкі коммуникациялар басқармасы**